

## Жеке зейнетақы шотыңызды интернет арқылы бақылап отырыңыз

«БЖЗК» АҚ салымшыларды (алушыларды) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы хабардар ету жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗК кеңселеріне тікелей келіп, сондай-ақ, дәстүрлі пошта арқылы үзінді көшірме алуға және электрондық тәсілдерді пайдалана отырып білуге болады.

Қазіргі кезде ЖЗШ-ның жай-күйі туралы ақпарат алудың ең танымал тәсілі – интернет байланысы. Оны 6,6 млн-нан астам ЖЗШ иелері таңдады (барлық ЖЗШ-лардың жалпы санының 54,2%). Бұл ретте салымшылар мен алушылар 5 762 454 шоттың жай-күйі туралы [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы жеке кабинет немесе ENPF ұялы қосымшасы арқылы қалаған уақытында, әлемнің кез келген түкпірінен біле алады. Осындай хабарлау тәсілін таңдағандар саны бір жылда 225 125 адамға (4%) артты.

БЖЗК-ға берілген электрондық пошта мекенжайына жіберілетін үзінді көшірмені 853 954 адам алады. Ол шот иесіне өзі таңдаған кесте бойынша ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын келіп тұрады.

Үзінді көшірмені дәстүрлі пошта арқылы алу тәсілін әлі күнге дейін 1 297 726 адам қолданады. Алайда пошта байланысын ақпарат алу тәсілі ретінде 2 939 233 салымшы мен алушы таңдаған 5 жыл бұрынғы, яғни 2015 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда ол 44 % азайған. Ақпарат алудың бұл түріне деген қажеттіліктің едәуір төмендегінін осыдан-ақ көруге болады.

«БЖЗК» АҚ егер салымшы (немесе алушы) ЖЗШ-дан үзінді-көшірмені жылына бір рет дәстүрлі пошта арқылы алуды қалап, бірақ тұрғылықты мекенжайын өзгерткен болса, онда ол жайында Қорға хабарлауы тиіс екенін мәлімдейді. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңында әлгіндей талапты мекенжайы өзгергеннен кейін 10 күн ішінде орындауы қажет деп көрсетілген. Бұлай болмаған жағдайда пошта операторы зейнетақы шотынан үзінді көшірмені адресатқа жеткізе алмай, ол Қорға қайтып оралады. Сондықтан БЖЗК келесі жылдан бастап хабарлау мәртебесі «анықталмаған» деп белгіленетін салымшыға (алушыға) үзінді көшірмені жібермейді. Қараша айының басында мұндай салымшылардың саны зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша шоттардың жалпы санының 1 млн-нан астамын немесе 8,8% құрады.

Қор кеңселеріне «өзі келген кезде» ақпарат беру тәсілі 3 029 417 адамда айқындалған. Ал өткен жылы бұл көрсеткіш 1 938 547 өтінішті құрады. Өсім – 56,3%. Алайда бұл статистиканы көбінесе жаңадан ашылған шот иелерінің толықтырғанын ескерген жөн. Осыған байланысты БЖЗК зейнетақы жүйесіне жаңадан келгендерге 2019 жылдан бастап міндетті зейнетақы жарналары бойынша ЖЗШ ашу үшін шарт жасаудың қажеті жоқ екенін ескертеді. Бірінші жарна түскен кезде шот автоматты түрде ашылады. Жеке тұлғаны сәйкестендіру міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӘ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылады. Ал жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗК мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Мұндай шотты ашу кезінде хабарлау тәсілі автоматты түрде «Өз келіп, өтініш білдірген» болып айқындалады. Яғни, ЖЗШ-сы жақында ашылған барлық салымшыларға БЖЗК кеңсесіне жеке басын куәландыратын құжатпен келіп, қажетті хабарлау тәсілін таңдау ұсынылады. Сондай-ақ, мұны электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда [enpf.kz](http://enpf.kz) сайты арқылы қашықтықтан жасауға болады.

БЖЗК жеке зейнетақы шотын кез-келген ыңғайлы тәсілмен үнемі қадағалап отыру қажеттілігін ескертеді. Ол шотыңыздың үнемі толығып отыратынына көзіңізді жеткізіп, болашақ зейнетақыңызды жоспарлауда сенімді болуға мүмкіндік береді.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

## **Контролировать свой индивидуальный пенсионный счет лучше через интернет**

АО «ЕНПФ» проводит постоянную работу по информированию вкладчиков (получателей) о состоянии своих индивидуальных пенсионных счетов (ИПС).

Узнать о состоянии своего ИПС можно непосредственно при личном обращении в офисы ЕНПФ, а также путем получения выписки традиционной почтой и электронными способами.

Самый популярный способ информирования о состоянии ИПС на сегодняшний день – посредством интернет-связи. Его выбрали более 6,6 млн владельцев ИПС (54,2% от общего числа всех ИПС). При этом о состоянии 5 762 454 счетов вкладчики и получатели узнают через личный кабинет на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) или мобильное приложение ENPF в любое время и из любой точки мира. Численность выбравших такой способ информирования за год увеличилась на 225 125 человек (4%) за год.

Выписку посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ, получают 853 954 человека. Она приходит владельцу счета по электронной почте согласно выбранному графику: ежемесячно, ежеквартально, раз в полугодие или ежегодно.

Традиционной почтой до сих пор предпочитают получать выписку 1 297 726 человек. Это на 44 % меньше, чем, к примеру, 5 лет назад в 2015 году, когда почтовая связь в качестве способа информирования была выбрана 2 939 233 вкладчиками и получателями, что свидетельствует о снижении востребованности данного вида информирования.

АО «ЕНПФ» уведомляет, что, если вкладчик (или получатель) все-таки предпочитает получать выписку с ИПС раз в год традиционной почтой, но при этом изменил адрес проживания, то ему необходимо поставить об этом в известность Фонд. Законом РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» предусмотрено, что сделать это необходимо в течение 10 дней после смены адреса. В противном случае почтовый оператор не сможет доставить выписку из пенсионного счета адресату, и она вернется в Фонд. На следующий год ЕНПФ не будет отправлять выписку такому вкладчику(получателю), статус информирования которого будет значиться как «не определен». Таких вкладчиков на начало ноября более 1 млн или 8,8% от общего количества счетов по всем видам пенсионных взносов.

Способ информирования при личном обращении в офисы Фонда определен у 3 029 417 человек. Тогда как в прошлом году эта цифра составляла 1 938 547 обращений. Увеличение составило 56,3 %. Однако, стоит учитывать, что эту статистику в значительной степени дополнили владельцы вновь открытых счетов. В этой связи ЕНПФ напоминает новичкам пенсионной системы, что с 2019 года для открытия ИПС по обязательным пенсионным взносам не нужно заключать договор. Счет открывается автоматически при поступлении первого взноса. Идентификация физического лица осуществляется по персональным данным (ФИО, ИИН, дате рождения), указанным в электронном формате платёжного поручения при перечислении обязательных пенсионных взносов, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. При этом способ

информирования при открытии такого счета автоматически определяется как «При личном обращении». То есть, всем вкладчикам, чей ИПС был открыт недавно, рекомендуется прийти в офис ЕНПФ с документом, удостоверяющим личность и выбрать желаемый способ информирования. Также это можно сделать дистанционно на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) при наличии электронной цифровой подписи.

ЕНПФ напоминает о необходимости постоянно контролировать свой пенсионный счет любым удобным способом, чтобы быть уверенным в его регулярном пополнении и планировать будущую пенсию.

*ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).*